



SATBAYEV  
UNIVERSITY

«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2-деңгейлі СМЖ құжаты	Ұйым стандарты	ҚазҰТЗУ СТ – 05 – 2023
КАФЕДРАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР Жалпы талаптар	2023 жылғы «01» <u>09</u> №1 редакция	

**КАФЕДРА СТАНДАРТЫ  
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**

**КАФЕДРАҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР  
Жалпы талаптар**

**ҚазҰТЗУ СТ – 05 – 2023**

Ресми басылым

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Алматы 2023

## АЛҒЫСӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Тіркеу кеңсесінде **ӘЗІРЛЕНДІ және ЕНГІЗІЛДІ.**

2 Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Басқармасының 2023 жылғы «01» 09 №13 шешімімен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

3 Ұйым стандарты ҚР СТ 1.5 – 2019 ҚР МТРЖ-сына сәйкес келеді. «Ұлттық стандарттар мен стандарттау жөніндегі ұсынымдар құрылысына, баяндалуына, ресімделуіне және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар», ҚР СТ 1.2-2021. Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі. Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу тәртібі, 9000 сериялы ХСҰ МС.

4 **АЛҒАШ** рет енгізілді.

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ**  
**ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2028 жыл.

5 жыл.

Осы стандарт Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

**МАЗМҰНЫ**

1 Қолданылу саласы	5
2 Нормативтік сілтемелер	5
3 Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар	6
4 Жалпы ережелер	7
5 Кафедраның жұмысына қойылатын жалпы талаптар	8
6 Жауапкершілігі	9
7 Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі	9
Өзгерістерді тіркеу парағы	12

## **КІРІСПЕ**

Осы ұйым стандарты міндеттерді, объектілерді және стандарттаудың жалпы принциптерін, ұйым стандарттарын әзірлеу, қабылдау және тіркеу, өзгерту және қайта қарау жөніндегі жалпы ережелерді белгілеу үшін әзірленді.

# ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

### КАФЕДРА СТАНДАРТЫ

#### Жалпы талаптар

Енгізілген күні 2023 - -

#### 1 Қолданылу саласы

Осы стандарт кафедраның жұмыс істеуі үшін жалпы талаптарды, сондай-ақ штаттық профессор-оқытушылар құрамының жалпы құрамға, дәрежелі ПОҚ үлесіне, білім беру бағдарламаларының, шарттардың, жарияланымдардың санына сәйкестігін, ғылыми, әдістемелік және тәрбиелік қызмет түрлерінің болуын, Университеттің құрылымдық бөлімшесі туралы талаптарды әзірлеу, қабылдау және тіркеу, өзгерістер енгізу және қайта қарау тәртібін белгілейді.

Осы стандарттың талаптары Университеттің барлық кафедраларына (бітіруші және қызмет көрсетуші) қолданылады.

Стандарт Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелеріне (департамент, бөлім, орталық, зертхана) қолданылмайды.

#### 2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандарт процедураларды келесі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес белгілейді:

- Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясына;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңына;

- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» Заңына;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына;

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына;

- ҚР БжҒМ министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына;

- «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Жарғысына;
- Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың сапа саласындағы саясатына;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» бұйрығына;
- ҚазҰТЗУ СТ – 01–2023. Ұйым стандарттары. Жалпы ережелер;
- ҚазҰТЗУ СТ – 07–2023. Ұйым стандарттары. Әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және жаңарту тәртібі.
- ҚазҰТЗУ СТ – 10–2023. Оқу жұмыстары. Оқу-әдістемелік құжаттаманың мәтіндік және графикалық материалдарының ресімделуіне және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар.
- Кафедра стандарты.

### 3 Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар

#### 3.1 Терминдер мен анықтамалар

Осы Стандартта 9000 ХСҰ бойынша терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ оның негізінде әзірленген нормативтік құжаттардан алынған анықтамалар пайдаланылады.

<b>Кафедра стандарты</b>	кафедраның жұмыс істеу нормаларын, қағидаларын, талаптарын белгілейтін нормативтік құжат.  Университетте әзірленген және бекітілген нормативтік құжат. Мұндай құжаттың қолданылу аясы Университет шеңберімен шектеледі
<b>Академиялық ұтқырлық</b>	Белгілі бір уақыт аралығында жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларын үйрету немесе оқыту мақсатында өз елінің шегінде немесе сыртында басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауыстыру
<b>Академиялық комитет</b>	Еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын жетілдіретін Университеттің жобалаумен, әзірлеумен және жетілдірумен айналысатын алқалы органы
<b>LMS Politech-on-line</b>	Сәтбаев Университетінің жеке білім беру порталы негізінде құрылған оқу процесін басқару жүйесі <a href="https://polytechonline.kz/">https://polytechonline.kz/</a> (сандық интерактивті білім беру ресурсы)
<b>Құжат</b>	белгіленген тәртіпте ресімделген және осы тәртіпке сәйкес белгілі бір мәртебесі бар ақпаратты қамтитын материалдық объект
<b>Лауазымы</b>	қызметтік міндеті, қызметтік орны
<b>Лауазымдық нұсқаулық</b>	Лауазымды тұлғаның ұйымдық-құқықтық жағдайын айқындайтын, оның тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайларды қамтамасыз ететін,

	сондай-ақ жеке еңбек шартының талаптарын толықтыратын және нақтылайтын құжат
<b>Біліктілік</b>	дайындық деңгейі, кәсібі, мамандығы
<b>Жауапкершілігі</b>	Жұмыскердің өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін заңнамада және жергілікті нормативтік актілерде белгіленген санкциялар
<b>Біліктілікті арттыру</b>	кәсіптік білімді, іскерлікті, дағдыларды дәйекті жетілдіруге, бар кәсіптер бойынша шеберлікті арттыруға бағытталған оқыту
<b>Біліктілікке қойылатын талаптар</b>	Жұмыскердің біліміне, тәжірибесіне және өзіне тапсырылған жұмысты Университеттің құжатталған талаптарына сәйкес орындау қабілетіне қойылатын талаптар

### 3.2 Белгілер мен қысқартулар

<b>ІНҚ</b>	Ішкі нормативтік құжаттар
<b>ҚазҰТЗУ</b>	Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті
<b>ҚР ҒжЖБМ</b>	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
<b>ҒжЖБССҚК</b>	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті
<b>ПОҚ</b>	Профессор-оқытушылар құрамы
<b>БББ</b>	Білім беру бағдарламасы
<b>ҒЗЖ</b>	Ғылыми-зерттеу жұмысы
<b>ҒжТКЖ</b>	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс
<b>ГҚ</b>	Гранттық қаржыландыру
<b>БМҚ</b>	Бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру
<b>ШШ</b>	Шаруашылық шарт
<b>ХС</b>	Халықаралық стандарт

## 4 Жалпы ережелер

### 4.1 Құжатталған талаптар

4.1.1 Кафедра стандарты кафедраны құруға, жұмыс істеуіне және жабуға қойылатын талаптарды бекіту мақсатында әзірленетін ішкі нормативтік құжат ретінде қажет.

4.1.2 Кафедра стандарты Университеттің сапа менеджменті жүйесі құжаттамасының құрамдас бөлігі болып табылады.

4.1.3 Кафедра стандарты кафедраның жалпы құрамынан штат бірліктері санының арақатынасын, профессор-оқытушылар құрамының дәрежелілігін, бекітілген аудиторлық қордың болуын (шығарушы, қызмет

көрсетуші), білім беру бағдарламаларының санын (шығарушы) анықтау үшін негіз болып табылады.

4.1.4 Кафедраларға қойылатын талаптар Университеттің қолданыстағы ұйымдастыру-басқару құжаттарына, лауазымдық нұсқаулықтарға және осы стандартқа сәйкес әзірленеді. Стандартта көрсетілген талаптардың сәйкестігі үшін институт директорлары мен кафедра меңгерушілері жауап береді.

## 4.2 Кадрлық құрам

Университеттің кадрлық әлеуеті оқытушылардың қазіргі уақытта өз функцияларын орындауға дайындығын ғана емес, сонымен қатар ғылыми және педагогикалық біліктілікті, уәждеме деңгейін, жасын, практикалық тәжірибесін, іскерлік белсенділігін, кәсіби ұтқырлығы мен қызмет сапасын, оның ішінде нәтижелілік пен инновациялылықты ескере отырып, ұзақ мерзімді перспективада олардың мүмкіндіктерінің жиынтығын көрсетеді. Осы кадрлық әлеует деңгейі бойынша олар белгілі бір немесе басқа ЖОО қызметінің сапасын бағалайды. Бұл тәсілмен кадрлық әлеует Университеттегі негізгі басқару объектілерінің бірі ретінде қабылдануы керек.

Білім беру мекемесі қамтамасыз ететін білім беру сапасының сөзсіз шарты ғылыми-педагогикалық әлеуеттің жоғары деңгейі және профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары болып табылады. Білім беру ортасы – бұл педагогтің жеке басы, негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын жүйе.

4.2.1 Кафедраның кадрлық құрамы – Университеттің профессор-оқытушылар құрамының бекітілген лауазымдарынан тұратын штаттық оқытушылар мен қоса атқарушылардың сандық және сапалық көрсеткіштері - профессор, қауымдастырылған профессор, аға оқытушы, оқытушы, ассистент.

4.2.2 Кафедра штатының білім алушылар контингентіне сәйкестігі.

4.2.3 Кадр құрамының құзыреттілігін арттыру негізінде білім беру процесінің сапасын жетілдіруге бағдарлану;

4.2.4 Университет оқытушылары мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

4.2.5 Ғылыми дәрежелері мен атақтары бар қызметкерлердің үлесін арттыруға ұмтылу;

4.2.6 Педагогикалық және ғылыми жұмысқа өндірістің жетекші мамандары мен басшыларының қатарынан қоса атқарушыларды тарту;

4.2.7 Кадр резервін қалыптастыру және жас қызметкерлерді оқытушылық және басқарушылық қызметке тарту;

4.2.8 Ғылыми және оқу-әдістемелік қызмет арасындағы толық сәйкестікке қол жеткізу;



4.2.9 Оқытушылық және ғылыми-зерттеу қызметін жандандыруға ПОҚ уәждемесін арттыру (ынталандырудың материалдық және материалдық емес нысандарының көмегімен, «тиімді келісім-шарт» құралын енгізу және т.б.);

4.2.10 ЖОО ұжымының цифрлық базаны құру үшін техникалық салалар үшін жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған білім беру процесін жаңғырту жөніндегі стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталуы;

4.2.11 Рейтингік көрсеткіштерге сәйкес ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін барлық деңгейлерде (жаһандық ауқымда, ұлттық және салалық рейтингтерде, құрылымдық бөлімшелер деңгейінде және т.б.) арттыру;

4.2.12 ПОҚ жариялау белсенділігін жандандыру және халықаралық білім беру және зерттеу жобаларына қатысудың әртүрлі нысандарын сынақтан өткізу.

## **5 Кафедраның жұмысына қойылатын жалпы талаптар**

5.1 Кафедра штаты кемінде 10 бірлікті құрайды;

5.2 Штаттық ПОҚ саны кафедраның ПОҚ жалпы штатынан кемінде 70%-ды құрайды;

5.3 Штаттық ПОҚ дәрежелілігі кемінде 60%-ды құрайды;

5.4 Жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім БББ саны 70/30 (жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі) арақатынасына сәйкес келеді;

5.5 Бейінді өндірістік кәсіпорындар мен ұйымдар қызметкерлерінің, академиялық емес бөлімдер қызметкерлерінің үлесі жалпы білім беретін пәндер бойынша ПОҚ қоспағанда, кафедра БББ қызмет көрсететін ПОҚ санының кемінде 20%-ын құрайды;

5.6 ЖОО-мен (білім алушылардың академиялық ұтқырлығы және ПОҚ) және кәсіпорындармен (практика және жұмысқа орналастыру) білім беру қызметтерін көрсету жөніндегі шарттардың болуы;

5.7 Штаттық оқытушылардың жыл сайынғы басылымы: Web of Science/Scopus деректер базасына кіретін журналдағы кітап (book) немесе кітап тарауы (book chapter), мақала (article) немесе шолу (review) немесе ҒжЖБССҚК ұсынған басылымдардағы екі мақала.

5.8 Соңғы 3 жылда ҚР ҒжЖБМ РОӘК басылымына ұсынылған оқулықтың/оқу құралының болуы;

5.9 ҒЗЖ, ҒЗжТКЖ (МҚ, БМҚ, ШШ, коммерцияландыру жөніндегі жобалар, халықаралық гранттар) болуы;

5.10 Кафедра штатында Q1 немесе Q2 квантилімен (соңғы 3 жылда) журналдарда жарияланымдары бар профессор (зерттеуші-профессор) бар;

5.11 Кем дегенде, ағылшын тіліндегі оқу-әдістемелік құжаттамамен және ағылшын тілінде сабақ жүргізетін ПОҚ-пен толық қамтамасыз етілген бір БББ бар;

5.12 Оқудың үш деңгейімен (бакалавриат, магистратура, докторантура) және барлық деңгейлер бойынша контингентпен (егер БББ ашық болса, бес және одан да көп жыл) БББ болуы;

5.13 Оқу кабинеттерінің, зертханалардың, компьютерлік кластардың, сертификатталған ғылыми зертхананың, оның ішінде кафедра филиалында (және қызмет көрсетушілерде) болуы.

5.14 Іске асырылған бағдарламалардың болуы: инновациялық БББ, бірлескен БББ, дуалды оқытуды қолдана отырып БББ, ТОП 700 QS құрамына кіретін шетелдік ЖОО-мен екі дипломдық БББ.

5.15 Өндірісте, өңірлік университетте (колледжде) филиалдардың болуы;

5.16 Жұмыс берушілердің қатысуымен Академиялық комитеттің болуы.

5.17 LMS Politech-on-line (және қызмет көрсету) базасын толтыру.

5.18 Production-professor ұсынған бейне дәрістердің болуы.

## **6 Жауапкершілігі**

6.1 Стандартты қолдану және орындау үшін академиялық институттың директоры, кафедра меңгерушісі, профессор-оқытушылар құрамы және оқу-көмекші персонал дербес жауапты болады.

## **7 Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

7.1 Стандартқа өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстар енгізуді кафедралар, академиялық институттар, Ректорат және Ғылыми кеңес жүзеге асырады.

7.2 Стандартқа өзгерістер енгізуді (Ғылыми кеңес/ жетекшілік ететін проректор) енгізеді.

**Өзгерістерді тіркеу парағы**

Реттік нөмірі	Негізі (құжатқа сілтеме)	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерту түрі (ауыстыру, қосу, күшін жою)	Хабарламаның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
					Күні	Тегі мен аты-жөні, қолы, лауазымы

**ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ**  
**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**

**КАФЕДРА СТАНДАРТЫ**  
**Жалпы талаптар**

**ҚазҰТЗУ СТ – 05 – 2023**

Әзірлеуші, редактор  
және компьютерлік терім  
Оқу процесін жоспарлау және  
ұйымдастыру бөлімінің бастығы



**Уразбаева Э.Е.**

Рецензент,  
PhD докторы,  
«ССЖМ» кафедрасының  
аға оқытушысы



**Омарова Ж.Б.**

Мөрге қол қойылды ... .. 2023 ж.

Таралымы... даналары 60x84 1/16 форматы. № 1 типографиялық қағаз.  
Көлемі 0,8 б.т. Тапсырыс ... Бағасы келісілген.

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу  
университетінің басылымы  
Баспа орталығы  
Алматы қ., Сәтбаев көшесі, 22